

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 112 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 18 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 10 қазандағы шартқа № 3 қосымшаның 57-тармағын іске асыру мақсатында және Еуразиялық экономикалық комиссияның ақпаратын ескере отырып, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес **шешті:**

"Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы үшін Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі шектеулердің, алып қоюлардың, қосымша талаптар мен шарттардың жеке ұлттық тізбесін бекіту туралы" Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 112 шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

<i>Армения</i> <i>Республикасынан</i>	<i>Беларусь</i> <i>Республикасынан</i>	<i>Қазақстан</i> <i>Республикасынан</i>	<i>Ресей Федерациясынан</i>
--	---	--	-----------------------------

Жоғары Еуразиялық
экономикалық кеңестің
2015 жылғы 8 мамырдағы
№ 18 шешіміне
ҚОСЫМША

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 112 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Атауы және 1-тармақ "Беларусь" деген сөздің алдынан "Армения Республикасы," деген сөздермен толықтырылсын.

2. Мынадай мазмұндағы Армения Республикасы үшін Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шектеулердің, алып қоюлардың, қосымша талаптар мен шарттардың жеке ұлттық тізбесімен толықтырылсын:

Армения Республикасы үшін Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі шектеулердің, алып қоюлардың, қосымша талаптар мен шарттардың ЖЕКЕ ҰЛТТЫҚ ТІЗБЕСІ

Шектеулердің, алып қоюлардың, қосымша талаптар мен шарттардың сипаттамасы	Шектеулердің, алып қоюлардың, қосымша талаптар мен шарттардың типі (Шартқа № 16 қосымшаның тармақтары)	Халықаралық шарт, нормативтік құқықтық акт
<p>Қызметтер саудасы, инвестициялар құру, қызметі және инвестицияларды жүзеге асыру туралы хаттаманың 38-тармағының 1) тармақшасы негізінде (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) № 16 қосымша) Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қызметтер көрсетудің бірыңғай нарығы жұмыс істейтін қызметтер көрсету секторларында шектеулер, алып қоюлар, қосымша талаптар мен шарттар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 10 қазандағы шарт күшіне енген күннен бастап қолданылмайды.</p> <p>Қызметтер саудасы, инвестициялар құру, қызметі және инвестицияларды жүзеге асыру туралы хаттаманың 38-тармағының 1) тармақшасы негізінде (бұдан әрі - № 16 қосымша) Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қызметтер көрсетудің бірыңғай нарығын қалыптастыру ырықтандыру жоспарларына сәйкес жүзеге асырылатын қызметтер көрсету секторларының (кіші секторларының) тізбелерінде шектеулер, алып қоюлар, қосымша талаптар мен шарттар осындай ырықтандыру жоспарлары іске асырылғаннан кейін қолданылмайды.</p> <p>Осы тізбенің екінші бағанында көрсетілген № 16 қосымшаның тармақтарын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі - мүше мемлекеттер) осы тізбенің бірінші бағанында көрсетілген көлемде және жағдайларда қолданады.</p> <p>Осы тізбе Шарттың 66 және 67-баптарына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.</p>		
<p>1. Шарттың XVI, XIX, XX және XXI бөлімдерінде қамтылатын қызметтер көрсету мен қызмет түрлеріне қатысты Армения Республикасы көрсетілген бөлімдерге сәйкес мүше мемлекеттер арасында қол жеткізілетін көрсетілген бөлімдер мен уағдаластықтарға қайшы келмейтін бөлігінде Армения Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық шарттарына сәйкес шектеулерді, алып қоюларды, қосымша талаптар мен шарттарды қолдану құқығын сақтайды.</p>	<p>16, 17, 23, 26, 28, 31, 33 және 35-тармақтар</p>	<p>Шарт Армения Республикасының халықаралық шарттары Армения Республикасының нормативтік құқықтық актілері</p>
<p>2. Жүзеге асыру үшін лицензия талап етілетін қызметті Армения Республикасының заңды тұлғалары немесе Армения</p>		

<p>Республикасында белгіленген тәртіппен тіркелген дара кәсіпкерлер ғана жүзеге асыруы мүмкін. Жүзеге асыру үшін лицензия талап етілетін қызмет түрлері, сондай-ақ лицензиаттың ұйымдық-құқықтық нысанын айқындау тәртібі Армения Республикасының заңнамасында белгіленеді.</p>	<p>23, 26 және 31-тармақтар</p>	<p>"Лицензиялау туралы" 2001 жылғы 30 мамырдағы Армения Республикасының № ЗР-193 Заңы</p>
<p>3. Егер Армения Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, Армения Республикасының азаматы ғана нотариус, нотариус тағылымдамашысы болуы мүмкін.</p>	<p>23, 26 және 35-тармақтар</p>	<p>"Нотариат туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы Армения Республикасының № ЗР-274 Заңы</p>
<p>4. Шетелдік адвокат мемлекеттік және қызметтік құпиямен байланысты мәселелер бойынша заң көмегін көрсете алмайды</p>	<p>26 және 35-тармақтар</p>	<p>"Адвокатура туралы" 2004 жылғы 14 желтоқсандағы Армения Республикасының № ЗР -29-Н Заңы</p>
<p>5. Армения Республикасының оққағар немесе күзетші біліктілігі бар азаматтарының ғана оққағар мен күзетші мәртебесін алу және оққағар мен күзетші функцияларын (оның ішінде қару мен арнайы құралдарды пайдалана отырып) жүзеге асыру құқығы бар</p>	<p>23, 26 және 35-тармақтар</p>	<p>"Жеке қорғау туралы" 2012 жылғы 9 ақпандағы Армения Республикасының № ЗР -6-Н Заңы</p>
<p>6. Осы келісімдерде қамтылған аудиокөрнекі туындыларға қатысты ұлттық режим ұсынылатын, бірлесіп шығару туралы келісімдерге негізделген кез келген шараларды енгізу және қолдану мүмкіндігі сақталады</p>	<p>28-тармақ</p>	<p>Армения Республикасының көрсетілетін қызметтерге қатысты және 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Армения Республикасының қосылуы туралы 2002 жылғы 10 желтоқсандағы хаттамадан туындайтын халықаралық міндеттемелері</p>
<p>7. Аудиокөрнекі туындылар, сондай-ақ белгілі бір шығу тегі өлшемшарттарын сақтаған кезде осындай туындыларды жеткізушілер үшін қолдау бағдарламаларына қатысудан түсетін пайдаға кепілдік беретін кез келген шараларды енгізу және қолдану мүмкіндігі сақталады</p>	<p>28-тармақ</p>	<p>Армения Республикасының көрсетілетін қызметтерге қатысты және 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Армения Республикасының қосылуы туралы 2002 жылғы 10</p>

		желтоқсандағы хаттамадан туындайтын халықаралық міндеттемелері
8. Шетелдік капиталдың телерадио компанияларының жарғылық капиталындағы үлесі, егер Армения Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, телерадио компаниялардың шешімдер қабылдауы үшін қажетті акцияларға тең болмайды немесе 50 %-нан аспайды	28 және 31-тармақтар	"Телевизия және радио туралы" 2000 жылғы 9 қазандағы Армения Республикасының № ЗР -97 Заңы
9. Кез келген шектеулер ядролық энергетика және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті және операцияларды жүзеге асыру үшін Армения Республикасының аумағында кез келген басқа мүше мемлекет тұлғасының құруы үшін қолданылады	23, 26, 31, 33 және 35-тармақтар	"Атом энергиясы бейбіт мақсаттарда қауіпсіз пайдалану туралы" 1999 жылғы 1 ақпандағы Армения Республикасының № ЗР -285 Заңы